



**СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ
ЖУРНАЛИСТЕРДІ
МАРАПАТТАДЫ**

2-бет



**БЕРДІБЕК
САПАРБАЕВ ТӨЛЕГЕН
АЙБЕРГЕНОВТИҢ
БАСЫНА БАРДЫ**

2-бет



**Азат ПЕРУАШЕВ:
ОБРАЗОВАНИЕ
ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ ПОВЫСИТ РОЛЬ
РК В ТЮРКСКОМ МИРЕ**

4-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

|| qazaquni2000@gmail.com

|| 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

|| №26 (792), 2 шілде, 2018



АЛАШТЫҢ АҚСЕЛЕУІ

Жетпісінші жылдардың ортасында Ақселеу аға Сейдімбеков Қарағандыдан Алматыға көшіп барғанда астанада белгілі бір ғұлама айтты деген қауесет тарап еді:

– Жазушы екен десем, мынауың оқымысты ғой, – депті әлгі кісі. Сол адамның ауызы дуалы екен, кейін Ақаң ғылым кандидаты атанды...

8-9
бет

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ:

ШЕТ ТІЛДЕРІН БАСТАУЫШТАН КЕЙІН ОҚЫТУ КЕРЕК!

**«ӨЗІҢ БІЛМЕ, БІЛГЕННІҢ ТІЛІН АЛМА» деген
«ҚАРҒЫСТЫҢ ЕҢ АУЫРЫ», МИНИСТР САҒАДИЕВ МЫРЗА!**



...Бұл жерде Мұрат Бақтиярұлы сенатта отырғасын сыпайылық танытып, «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қанатты сөзді қағидат деп алыпты. Бірақ бұл қағидат емес, қазақтың айтуынша «ҚАРҒЫСТЫҢ ЕҢ АУЫРЫ», Ерлан Сағадиев мырза! Иә, елдің ертеңін ойлаған ер ағаларымыз айтудай-ақ айтып, қаламгерлер жазудай-ақ жазып жатырмыз, бірақ былтыр Білім тарихында ҰБТ қорытындысын екі рет екі басқа жариялап, елді зар жылатқан Сағадиев салып ұрып, әлі салдырлап келе жатыр... Тоқаевтың тоқетер тоқтамды сөзін ұғатын Білім министрі бар ма?

3
бет



ҚАРА ҚЫТАЙДЫ ҚАПТАТПАЙЫҚ!

Әлеуметтік желіде «Журналистер арасында Қазақстан мен Қытай ынтымақтас-тығына арналған байқау» жариялағаны жайында хабар тараған еді. Бірер сөзден кейін пікір айту тоқтап қалды. Сонда соған келіскеніміз бе? Шынында, бұл қытайға жағымпаздық қой нағыз. Енді журналистеріміз ынтымақтасуды тақырып етіп, қытайды жабыла мақтап, бәрімізді достыққа шақырып, солардың ығына жығыла беруді насихаттай бастамақ па? Бұл не сорақылық?!

6
бет

ЗНАКИ ПРИРОДЫ: ЗЕМЛЯ ПРИОБРЕТЁТ НОВЫЕ ОЧЕРТАНИЯ

Погода, сезоны года претерпевают значительные изменения, наблюдаются заметные перепады температуры, во многих странах появляются огромные провалы, большие разломы в земной коре, идут небывалые наводнения, появляются или исчезают водоёмы, на небе, в космосе фиксируются необычные явления и т.д.



**Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ:
БІЗГЕ ДИПЛОМДЫ
ЖАСТАР ЕМЕС,
БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ
МАМАНДАР КЕРЕК**

5
бет

10
бет

ПРЕЗИДЕНТ ГРАНТТАРЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова Президенттің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын тапсырды.

Биыл Мемлекет басшысының арнайы сыйлықтарына «Астана» республикалық телеарнасының бас директоры Ләззат Танысбай мен «Informburo.kz» интернет-порталының бас редакторы Михаил Дорофеев ие болса, гранттар «Хабар» телеарнасының сараптамалық бағдарламалар бөлімінің тілшісі Айгүл Әділова мен «Қазақстан» ұлттық телеарнасы ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар дирекциясы директорының орынбасары Мейіржан Жиенәліге берілді. Ал «Алматы» телеарнасы, «Астана ақшамы» газеті, «Балдырған» журналы мен Өзбекстанның ұлттық телерадиокомпаниясының шығармашылық ұжымына ҚР Президентінің алғыс хаттары тапсырылды. «Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев отандық БАҚ саласын заман талабына сай дамыту мәселесіне ерекше көңіл



бөлетінін білесіздер. Мемлекет тарапынан көрсетіліп келе жатқан жүйелі қолдаудың арқасында егемен еліміздің мүддесіне қызмет ететін ұлттық баспасөз қызметі қалыптасты. Жаһандану, ақпараттық технологиялар мен цифрландыру дәуірінде медиа саласының бәсекеге қабілетті болуы аса маңызды. Осыған орай, халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналған отандық бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі жылдан жылға ар-

тып келеді. Биылғы байқауда да баспасөз өкілдерінің мемлекеттік бағдарламалар мен реформаларды, оның ішінде Президенттің бес әлеуметтік бастамасы мен рухани жаңғыру үдерісін жариялап көрсетуге сіңірген еңбегі ерекше», — деді Г.Әбдіқалықова. Айта кетейік, биыл сыйақы қорының жалпы сомасы 14 430 000 теңгені құрап отыр. Президент сыйлығының иегерлері 4 215 000 теңгеден алса, әрбір грант үшін 3 000 000 теңгеден берілді.

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласына жұмыс сапарымен барды. Сапары барысында Түркістан аймағын дамыту перспективалары туралы комиссияның бірінші отырысына қатысып, қаланың даму жоспарымен танысты.

ТҮРКІСТАНДА ЖАҢА ҚАЛАШЫҚ САЛЫНАДЫ

Асқар Маминге жаңа облыс орталығының даму жоспарымен таныстырған Жансейіт Түймебаев Елбасы тапсырмасын орындау мақсатында арнайы штаб құрылғанын атап өтті. Сонымен қатар, жаңа әкімшілік-іскерлік орталықты дамыту жобасы, жол, құрылыс инфрақұрылымдарын одан әрі жаңғырту жұмыстарын баяндады. Мәселен, жаңадан жасалған бас жоспарға сәйкес қала аумағының көлемі 35 мың гектарға ұлғайған. Ал Түркістан қаласының шығыс бөлігінен жаңа қалашық салу үшін 670 гектар жер бөлініп отыр. Оның 170 гектар болатын аумағына әкімшілік-іскерлік орталық салынса, 300 гектарына көп қабатты тұрғын үйлер тұрғызылатын болады. Аталған қалашықта 65 мыңға жуық тұрғын тұрады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, жаңа жоспарға сәйкес инфрақұрылымдық жүйелерді және көліктік-логистикалық бағытты дамыту жолдары қарастырылуда. Бұдан бөлек, «Көне Түркістан» тарихи бөлігін жаңғырту көзделген. Жоба Қ.А.Яссауи кесенесі маңындағы қорғандарды реконструкциялауға бағытталған. «Көне Түркістан» жобасының негізгі идеялық мәнін іске асырудың 2 нұсқасы ұсынылып отыр. Оның біріншісі «Түрксой» ұйымына мүше елдердің мәдени ошақтарын нақты тарихи сипатта, өзіндік сәулеттік нақышта қалыптастыру жөнінде жобалық ұсыныстарын алу және сол елдерге тиісті нысандарды салдыру. Екінші нұсқада түркітілдес елдер тарапынан инвестиция салу мәселесімен қатар отандық немесе басқа да инвесторларды тарту жұмыстарын қоса жүргізу қаралған. Қаланың даму жоспарымен танысқан Асқар Мамин аталған жұмыстардың орындалуы Үкімет тарапынан қадағаланатынын айтып, Мемлекет басшысы тапсырмасының тиісті деңгейде жүзеге асыру үшін Үкіметтен мейлінше қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

Бекзат-Саттархан ҚҰРМАНӘЛІ

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ЖУРНАЛИСТЕРДІ МАРАПАТТАДЫ

Биыл да журналистерді кәсіптік мерекесімен ең алдымен Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады. Сенат төрағасының Алғыс хатына ие болғандар ішінде «Қазақ үні» газеті президенті, ақын Қазыбек Иса да бар деп хабарлады «Қазақ үні» ақпарат порталы.



Байланыс және ақпарат саласы қызметкерлерінің мерекесіне орай БАҚ басшыларын қабылдаған Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі қоғамдағы журналистердің рөлі туралы кенінен сөз етті.

«Баршаларыңызды кәсіби мерекенімен құттықтай отырып, сіздерге мықты денсаулық, зор табыс тілеймін! Отанымыздың өркендеуі жолындағы игілікті істеріміздің берекелі болуына тілектеспін. Сенат депутаттары осы залда отырған ақпарат саласының майталмандарына үлкен құрметпен қарайды. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңізді, отансүйгіштік адамгершілік қасиеттеріңізді жоғары бағалаймыз. Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі тұрақты түрде өсіп келеді. Тіпті, әлеуметтік желілер пайда болса да, дәстүрлі БАҚ-тың рөлі бәсеңдемейді, керісінше олар озық технологияларды жұмыс құралына айналдырып отыр. Біздің елдегі журналистика ауқымды реформалардың ұдайы алдыңғы сапында. Баспа және электрондық басылымдар миллиондаған адамдардың көңіл түкпірінен берік орын алды. «Көп сөз ұтпайды, дөп сөз ұтады» демекші, отандық бұқаралық ақпарат құралдары кәсіби түрде шебер, шынайы және жедел жұмыс жүргізуде. Депутаттар сіздерді әрдайым мақтан тұтады», — деп қалам

иелерінің кадр-қасиетін атап өтті Сенат төрағасы.

Кәсіптік мереке қарсаңында Парламент Сенатының Құрмет грамотасына «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі, «ҚазАқпарат» ХАА бас директоры Асқар Омаров, «Нұр Медиа» холдингінің бас директоры Жанай Омаров, «Хабар» агенттігі» АҚ-ның басқарма төрағасы Аман Әжібаев, «Астана» арнасының бас директоры Ләззат Танысбай, «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп және өзге де БАҚ басшылығы ие болды. Ал Сенат төрағасының Алғыс хаттарымен «Ана тілі» газетінің бас редакторы Самат Ибраим, «Қазақ үні» газеті президенті Қазыбек Иса, «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр, «Қазақ радиосы» бас директоры Мәди Манатбекұлы, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы орынбасары — бас редактор Айбын Шағалақов, «Түркістан» газеті бас редакторы Жаңабек Шағатай, «Қазақстан-заман» газеті бас редакторы Ертай Айғалиұлы және т.б. марапатталды. Ал белгілі тележурналист, «Дара жол» хабарының жүргізушісі Дана Нұржігіт ТМД Парламентаралық Ассамблеясы төрайымы Валентина Матвиенконың Алғыс хатына ие болды.

Qazaquni.kz

ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

Биылғы 1-шілдеден бастап Қазақстанда зейнетақы төлеу жүйесі өзгеріп, әр зейнеткерге жеке төлемақы тағайындалмақ. Бұл туралы Қазақстан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары Светлана Жақыпова мәлімдеді.

Жақыпованың сөзінше, зейнетақы көлеміне салымшының еңбек өтілі мен қатысу мерзімі тікелей әсер етеді. Жаңаша зейнетақы алу үшін құжат жинау қажет емес. Бұл өзгеріске сәйкес, 2 миллион 148 мың зейнеткердің төлемақысы қайта есептеледі.

— Егер бір адам (1998 жылға дейін) жұмыс істеп, жиырма жыл еңбек өтілімен зейнетке шықса, оның базалық зейнетақысы соған сәйкес төленеді. Ал олар 1998 жылдан кейін де, зейнетақы жүйесіне салымшы ретінде қатысса, оның жалпы еңбек өтілі 35 жыл болып есептеледі.

Базалық зейнетақыны есептеу қазірден басталады. Ол ең төменгі күн көріс деңгейінің 54 пайызын құрайды. Мұндай көлемдегі зейнетақы барлық қазақстандықтарға тиесілі екеніне кепілдік береміз. Егер еңбек өтіліңіз он жылдан аз болса, төлемақының күн көріс деңгейінің ең төменгі деңгейіндегі 15 274 теңге болып қала береді. Егер еңбек өтіліңіз он жылдан асса, әр жылға екі пайыз төлемақы қосылады: мысалы — 11 жылға — 56 пайыз, 12 жылға — 58 пайыз» деп түсіндірді вице-министр. Ресми мәліметке сәйкес, Қазақстанда зейнеткерлердің саны екі миллионнан асады. Қазақстан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің болжамына сәйкес, қазақстандық зейнеткерлердің 44 пайызы күнкөріс минимумының 100 пайызын құрайтын базалық зейнетақы алады.

Бекзат-Саттархан
ҚАЛДЫБЕКҰЛЫ



Сенат төрағасы:

ШЕТ ТІЛДЕРІН БАСТАУЫШТАН КЕЙІН ОҚЫТУ КЕРЕК!

«Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген «ҚАРҒЫСТЫҢ ЕҢ АУЫРЫ», министр Сағадиев мырза!

«Қазақ үні» ұлттық порталында жазғанымыздай, биыл да журналистерді кәсіптік мерекесімен елдің ең алдымен Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады. Байланыс және ақпарат саласы қызметкерлерінің мерекесіне орай Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ басшыларын қабылдап, марапаттады. Жиын алдында Сенаттың баспасөз хатшысы, белгілі журналист Әділбек Қаба журналистерді Сенаттағы жұмыс тәртібімен таныстырды.

Ресми жиын біткесін журналистер құрметіне арналған дастархан басында Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевпен емен-жарқын әңгімелестік. Өнер шеберлерінің концертін тамашаладық.

Дастархан басында бір үстелде отырған журналистермен әңгіме үстінде Қасым-Жомарт Кемелұлы: «**Жас кезімде журналист болуды армандаған едім. Бірақ, сәті түспей, кейін Мәскеудің халықаралық университетіне түстім**» деп, айтып қалды.

— Әрине, әкеңіз Кемел Тоқаев белгілі жазушы болғасын, журналист болуды армандауыңыз заңдылық қой — деп, мен де сөз қосып қойдым.

— Сіз қазір де журналистердей мақалалар жазып жүрсіз ғой, — деді «Егемен Қазақстан» газеті басшысы Дархан Қыдырәлі.

— **Иә, алдыма дайындап әкелген мәтіндерді көбінесе, ұнатпай, өзім жазуға тырысамын**» — деді Сенат төрағасы.

— Біз, журналистер қазір сіздің Твиттердегі жазбанызды аңдып отырамыз, — деді «Айқын» газеті бас редакторы Нұртөре Жүсіп.

Әңгіме Қ.Тоқаевтың твиттердегі бірінші сыныпта ағылшын тілін емес, қазақ тілін оқыту керектігі туралы, ел жаппай қолдап жатқан құнды кеңесіне келгенде Сенат төрағасы:

— **Ағылшын тілін, жалпы шет тілдерді бастауыштан кейін, 5-ші сыныптан бастап оқыту керек. Біз өзіміз солай оқыдық қой**, — деп келісті жымыяп қойды.

— **Жаратылыстану пәндерін, физика, математика пәндерін ағылшын тілінде оқыту деген қалай болады? Оған дайын**

мұғалімдер бар ма? — деп риторикалық сұраулы жүзбен қарады бізге.

— Білім министрі Сағадиевтың «Ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдердің барлығы дайын тұр» деп зуылдауының бәрі өтірік. Кеше ауылдан келген мұғалімдер «Ағылшын тілінде сабақ беру қазір мүмкін емес, босқа халық қаржысын шашу, ертен балаларымыз дүбара болып, қатты зардабын тартамыз» деп зар жылап кетті, — дедім мен.

Әңгіме арасында Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақ үні» сайтындағы **«Тоқаевтың токетер сөзін түсінбейтін депутаттар да бар екен»** деген мақаламызды оқығандарымыз айтып, рахметін білдірді. Мен үкімет айтса, үндемеу, министр не десе де мыңқ етпеді менгерген депутаттарға салса, ағылшын тілін балабақшадан бастайық деп шығады ғой деп, кейбір «халық қалаулыларын» да түйреп өттім арасында...

Иә, кезінде шет тілін 5-ші сыныптан бастап оқып-ақ, кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілген, әлем мінберінде ағылшынша талай сөйлеп жүрген Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұлғасы — өзі айтқандай, балаға шет тілін бастауыштан кейін оқыту — талқылаусыз тандау, өмірлік өзекті қағида екенін анық білдірмей ме?

«Оны білетін бала бар ма?» дегендей, Сағадиевтың санасын мүлдем басқа «әлем» билеп тұрса, не істемекпіз?

Кеше ғана «Қазақ үні» сайтында сенатор Мұрат Бактиярұлы да екі ауыз сараптамасымен-ақ естінің естір құлағына ұғымды жазба жариялады.

«Әлемнің бірде-бір елінде үш тіл



мүлдем оқытылмайды екен. Бастауыш кластарда барлық пәндер тек ана тілінде оқытылу керек екенін министрлікке үнемі айтып келеміз. «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қағидатты министрлік берік ұстанған сияқты. Таусылмайтын, аяғына дейін жетілмеген реформалардың жетегінде кетіп бара жатырмыз. Осының салдарын он, он бес жыл өткеннен кейін тартпасақ жарар еді, — деп, дабыл қағады сенатор.

Бұл жерде Мұрат Бактиярұлы сенатта отырғасын сыпайылық танытып, «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қанатты сөзді қағидат деп алыпты. **Бірақ бұл қағидат емес, қазақтың айтуынша «ҚАРҒЫСТЫҢ ЕҢ АУЫРЫ», Ерлан Сағадиев мырза!**

Иә, елдің ертеңін ойлаған ер ағаларымыз айтудай-ақ айтып, қаламгерлер жазудай-ақ жазып жатырмыз, бірақ былтыр Білім тарихында ҰБТ қорытындысын екі рет екі басқа жариялап, елді зар жылатқан Сағадиев салып ұрып, әлі салдырлап келе жатыр...

Тоқаевтың токетер тоқтамды сөзін ұғатын Білім министрі бар ма?

Елдің зары Елбасыға жетер ме?!

Қазыбек ИСА
qazaquni.kz

СЕНАТОРЛАР ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшелері Қазақстан Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында белгіленген міндеттерді іске асыру аясында латын әліпбиіне көшу және қазақ тіліндегі терминологияны жетілдіру мәселелері бойынша мәдениет және спорт министрлігінің басшылығымен кездесті.

Шараны ашқан комитет төрағасы Бірғаным Әйтимова Елбасының «Қазақстан — 2050» Стратегиясы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу туралы айтқанын еске салып, іс қағаздары, мерзімді баспасөз, оқулықтар латын әліпбиімен басылып шыға бастауы тиіс екенін атап өтті.

Кездесуде сөз алған мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы

қазіргі кезеңде орфографиялық жұмыс тобының бірнеше отырысы өткені және жана әліпбидің емле ережелерінің тұжырымдамасы дайындалғаны туралы хабардар етті. Қыркүйек айында емле ережесінің жобасы мамандарға, барлық оқу орындарына және тиісті мекемелерге жіберіліп, таныстырылатын болады. Олардан келген ұсыныстар ескеріліп, жылдың соңына дейін оны бекіту жоспарланған.

Әдістемелік жұмыс тобы осы емле ережелерін оқу орындарында және тағы да басқа мекемелерде апробациядан өткізіп, сараптамалық жұмыс тобы оның техникалық жобалары әзірленеді. Терминологиялық жұмыс тобы өз отырыстарында жаңа әліпбиге көшкен кезде терминдерді қалыптастыру ісі жүзеге асып жатқаны айтылды.

Министрліктің алдағы міндеті — Үкімет тарапынан бекітілген 2025 жылға дейінгі латын графикасына кезең-кезеңімен көшу жоспарына сәйкес сапалы жұмыс атқару болып табылады. Қазірге дейін 21

мың термин бекітілсе, оның 40,8 пайызы (8571 термин) — төл терминдер, ал 59,2 пайызы (12429 термин) кірме және аралас терминдерді құрап отыр. Осы терминдерге жасалу және аудару тұрғысынан толық лингвистикалық сараптама жүргізілуде.

Кездесуде «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» АҚ атқарушы директоры Ербол Тілешов латын әрпіне көшу мәселесі бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы баяндады.

Масәлені талқылауға сенатор М.Бактиярұлы, Д.Нөкетаева, Б.Жұмағұлов, С.Ершов және Мәжіліс депутаты Б.Смағұл, сондай-ақ ғалымдар мен сарапшылар қатысты. Кездесу қорытындысы бойынша әзірленген ұсыныстарды Үкіметке және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға жіберу туралы шешім қабылданды.

parlam.kz

• Дүбірлі дүние

ГЕНЕРАЛ АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛДІ

Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ын генерал-лейтенант Хен Чу Сонды атып өлтіруге бұйрық берді. Генерал әскери қызметкерлер мен олардың Сохэ ракетодомдағы отбасыларына қосымша жанармай, 580 килограмм күріш және 750 грамм жүгері жіберуге бұйрық берген.

Хен «әскерлер бұдан былай ракета мен ядролық қару жасаймын деп киналмайтын болды» деп мәлімдеген. Бұл туралы естіген Ким Чен Ын Хеннің мәлімдемесін сатқындық деп бағалап, дұшпанға және антипартиялық әрекетке оң көзқарас танытқаны үшін кінәлі деп генералды атып өлтіруге бұйрық берді. Үкім Пхеньяндағы әскери академияның аумағында күшіне енген.

Ким Чен Ын жоғары лауазымды шенеуніктерді өлім жазасына кесуі бірінші рет емес, тіпті нағашысын да аямаған.

ОБАМА ТАҒЫ ДА ПРЕЗИДЕНТ БОЛУЫ МҮМКІН

АҚШ-тың бұрынғы президенті Барак Обама үлкен саясатқа қайтып оралуы ғажап емес, 2020 жылы өтетін президент сайлауына қатысуы мүмкін. Өйткені, АҚШ-тың демократиялық партиясы Барак Обамадан басқа үміткерді көріп отырған жоқ.

«АҚШ демократиялық партиясының мүшелері «елдің халықаралық аренадағы жағдайы мен қазіргі президент Дональд Трамп қол қойған заңды көріп жағаларын ұстады. Республикалықтардың жүгенсіз билігінен шаршаған демократтар Барак Обамаға көмекке жүгінді», — деп жазады басылымдар.

Vanity fair Обаманың соңғы айларда демократиялық партияның жоғары шенді шенеуніктерімен бірнеше кездесу өткізгенін жазды. Кездесуде болашақтағы сайлауға қатысу жоспары талқыланды болуы мүмкін. Барак Обаманың соңғы шешімі сайлаудың алдында белгілі болмақ. Өзі болса ешқандай пікір білдірген жоқ, бірақ Конгрессте саяси белсенділігінің артқаны байқалды.



МИЛЛИОН ФУНТ АҚШАСЫ БАР ҚАЙЫРШЫ

Ливанда қайтыс болған қайыршы Ләйелдің миллион фунт ақшасы бар болып шықты. Әйелді танитындар қайыршының өздерінен бай екенін көріп қайран қалған.

Ливандағы провинциалдық қаланың полициясы қайтыс болған Фатима Отман есімді әйелден миллион фунт стерлинг көлемінде ақша тауып алған.

Әйел ұйықтап жатып о дүниеге аттанған. Оны Аққар қаласындағы барлық тұрғын танитын, өйткені, ол қайыр тілеп күн көрген. Фатима Ливандағы азаматтық соғыста қолы мен аяғынан айырылған. Бірнеше жыл бұрын Фатиманың атағы шыққанын да айта кетейік. Сарбаздың осы әйелді қолымен тамақтандырып жатқаны суретке түсіп қалып, ол сурет бүкіл әлемге таралған еді. Миллионер қайыршы бүкіл өмірін көшеде қайыр сұраумен өткізген.

2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ



Азат ПЕРУШАЕВ:

ОБРАЗОВАНИЕ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ ПОВЫСИТ РОЛЬ РК В ТЮРКСКОМ МИРЕ

«Поздравляю весь народ Казахстана с историческим решением Главы государства! Это большая радость для нашей страны. Уверен, что эти шаги окажут большое влияние на развитие нашего южного региона. Если говорить о Шымкенте, то мегаполисы с населением в миллион человек могут, опираясь на свои возможности, развиваться самостоятельно. В этом нет никаких сомнений. Такие города могут обеспечивать сами себя без административной и политической поддержки», — сказал А. Перуашев.

Депутат отметил также, что Туркестан является духовным центром для всего Казахстана. Придание ему нового статуса будет очень полезным для жителей всего региона. Кроме того, образование Туркестанской области поднимет роль и место Казахстана среди тюркских народов всего мира на новый уровень.



Шымкент сможет развиваться без административной поддержки. Такое мнение высказал в беседе с журналистами депутат Мажилиса Парламента РК Азат Перуашев.

«АК ЖОЛ»:

УВЕЛИЧИТЬ ЗОЛОТЫЕ ЗАПАСЫ!

На фоне рисков международных валют и ценных бумаг депутаты «Ак жола» предлагают увеличить золотые запасы в структуре золотовалютных резервов — об этом заявил Азат Перуашев в депутатском запросе в адрес Правительства и Нацбанка.

«Золотовалютные резервы (ЗВР) являются важнейшим фактором обеспечения стабильности национальной финансовой системы и национальной валюты — тенге. Поэтому вопрос поддержания их сохранности и ликвидности всегда остаётся одним из приоритетов экономической политики государства», — отметил Перуашев и привел информацию с сайта Нацбанка, согласно которой ЗВР состоят из международных резервов Нацбанка и средств Нацфонда, общая сумма которых на сегодняшний день превышает 90 млрд. долларов США, в том числе активы Нацфонда — 59 млрд. долларов, резервы Нацбанка — 31 млрд. долларов.

В «Ак жол» считают, что на фоне происходящих в мировой экономике процессов, вопрос гарантий их сохранности становится всё более актуальным. Фактически, сегодня можно говорить о появлении целого ряда глобальных геополитических и экономических конфликтов по линиям Запад-Россия, США-Евросоюз и других, создающих угрозу международной финансовой системе и риски высокой волатильности валют и международных финансовых обязательств.

При этом основная часть и накоплений Нацфонда, и резервов Нацбанка состоит из иностранной валюты и иностранных ценных бумаг. Так, в резервах Нацбанка иностранная валюта и ценные бумаги составляют 57% (17,8 млрд. долларов); в активах Нацфонда этот показатель ещё выше. По данным за 2016 г. средства Нацфонда почти на 40% состояли из валюты и бумаг США, на 22% — Еврозоны, 10% — Японии.

«Примечательно, что валюта и ценные бумаги такого важного партнера и инвестора нашей страны, как КНР в этом портфеле особо даже не представлена», — добавил в этой связи руководитель «Ак жола». По его словам, активная протекционистская политика США имеет своим следствием ответное стремление некоторых стран и наднациональных объединений ограничивать торговые отношения с первой экономикой мира и изыскивать альтернативу американскому доллару в качестве платёжного средства и резервной валюты. В частности, говорится о переходе к взаиморасчётам в национальных валютах второй экономики мира в лице КНР с РФ, России с Ираном и т.д.

По мнению Перуашева, в такой ситуации становится малопредсказуемым не только поведение доллара, но и ликвидная ценность американских бумаг, как, впрочем, валюты и



обязательств других стран. Не случайно ряд государств, включая тот же Китай, снижают вложения в казначейские обязательства США и переносят акцент в формировании ЗВР на накопление золотых запасов.

«Эти тенденции пока локальны, но та скорость, с которой развиваются события, заставляет делать определённые выводы. Есть вероятность усиления позиций валюты США и их финансовых институтов. Но в отношении золотовалютного резерва страны правильным было бы придерживаться консервативных подходов. Специфика финансовой системы такова, что иногда нефундаментальных, спекулятивных причин оказывается достаточно для обрушения валютных и фондовых рынков», — подчеркнул Перуашев и напомнил о практике применения юрисдикции судов западных стран в отношении банковских счетов других государств.

В качестве примера он привел вчерашние сообщения СМИ — сначала об отказе британского суда разблокировать ранее арестованные средства Нацфонда в Bank of New York Mellon в сумме 22,6 млрд. долл., затем заявление Минюста РК о недостоверности этой информации и состоявшемся выводе из указанного банка основных средств, за исключением 530 млн, в отношении которых судебные процедуры продолжаются.

«Показательно, что если бы указанные средства оставались замороженными на неопределённый срок, то в случае снижения стоимости формы их вложения (например, ценных бумаг США) резко возрастут риски убытков, связанные с невозможностью смены структуры таких резервов», — уверен Перуашев.

В условиях наблюдаемых геополитических и макроэкономических рисков, фракция «Ак жол» считает необходимым принятие мер защиты золотовалютных резервов Казахстана путём дальнейшей диверсификации валютного портфеля, отхода от доминирования одной валюты и увеличения доли золотых запасов в национальных накоплениях.

ПРАВИТЕЛЬСТВО ПРИЗНАЛО НЕАДЕКВАТНОСТЬ НОРМ ПО СУБСИДИАРНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ БИЗНЕСА!

После критики «Ак жола» за «пещерную налоговую политику» правительство признало неадекватность норм по субсидиарной ответственности бизнеса — об этом стало известно из новостей Tengrinews.kz (<https://tengrinews.kz/money/medlennyih-menedjerov-predlagayut-nakazyivat-bankrotstvo-347467/>).

Напомним, что 16 мая т.г. фракция «Ак жол» в своём запросе обратила внимание правительства на несправедливую ситуацию вокруг взыскания задолженностей с ТОО. Согласно закону «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», участники ТОО несут риск убытков только в пределах внесенных ими вкладов. Однако по нормам закона «О банкротстве и реабилитации» долги предприятий могут быть взысканы с учредителей ТОО. В этой связи Азат Перуашев заявил о недопустимости перекладывания долгов предприятий на добросовестных учредителей. Фракция просила вернуть в типовые уставы ТОО норму об отсутствии ответственности учредителей за долги предприятий и прекратить преследования добросовестных предпринимателей.

В ответе премьер-министра от 8 июня т.г. отмечалось, что основания для привлечения предпринимателей к субсидиарной ответственности законны, в связи с чем правительство отказалось удовлетворить требования фракции «Ак жол».

20 июня лидер демократов повторно обратился в правительство и указал на абсурдность полученного ответа и антирыночный характер норм о субсидиарной ответственности. «Это изобретение придаёт «пещерную» окраску нашей налоговой политике и говорит о непонимании природы предпринимательства», — отметил Перуашев.

В ситуации попыталась разобраться и газета «Время» — в номере за 25 июня опубликовано интервью с Азатом Перуашевым под заголовком «Бизнесу надо помогать, а не обдирать» (<http://www.time.kz/articles/ugol/2018/06/25/biznesunado-pomogat-a-ne-obdirat>).

«Из ответа правительства следует, что 85% взысканий на имущество учредителей ТОО производится лишь на том основании, что предприниматель за 6 месяцев до наступления неплатежеспособности не инициировал процедуру банкротства предприятия... Но нестабильное финансирование сегодня стало правилом, а не исключением в бизнесе. И талант

предпринимателя состоит именно в способности бороться за выживание своей компании, преодолевать трудности и испытания. Многим из них удаётся найти решение не за 6 месяцев, а за 6 дней до часа икс. А правительство предлагает бизнесу не бороться, а сразу сдать и банкротиться... И что получится в сухом остатке? Вместо массового предпринимательства, о котором говорит президент, в бизнесе останутся только олигархи и компании, связанные с чиновниками и сидящие на тендерах», — подчеркнул руководитель «Ак жола» и констатировал, что такой подход служит наказанием «за то, что предприниматель боролся за свой бизнес и не опускал руки в сложных обстоятельствах».

И 26 июня СМИ сообщили, что после обращений депутатов фракции «Ак жол», премьер-министр Бакытжан Сагинтаев согласился отменить статью закона «О реабилитации и банкротстве», которая предусматривает субсидиарную ответственность в случае, если должник не обратился в суд о признании банкротом в течение шести месяцев — об этом передает Tengrinews.kz.

Сообщается, по словам премьер-министра, «в рамках разработки законопроекта по вопросам совершенствования процедур реабилитации и банкротства» основанием по привлечению к субсидиарной ответственности, предусмотренное пп 3) п. 2 ст. 11 Закона, в связи с пересмотром понятия неплатежеспособности планируется к исключению».

Депутатская фракция «Ак жол» приветствует это решение и ещё раз выражает мнение, что поступления в бюджет должны обеспечиваться не репрессивными мерами, а через расширение налогооблагаемой базы и создание условий для частной инициативы и прибыльной работы предприятий.

ДПК «Ак жол» и ее парламентская фракция продолжают работу по реализации предвыборной программы и защите интересов казахстанского бизнеса.



БІЗГЕ ДИПЛОМДЫ ЖАСТАР ЕМЕС, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАР КЕРЕК

(Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы Жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту туралы заңға қатысты Сенат отырысында сөйлеген сөзі)

Біріншіден, ашы болса да айтуымыз керек, білім мен ғылым саласында бірізді жүйелік бағыттың болмауы осы саланы басқарудағы Халықаралық стандарттарға сілтеме жасау арқылы толассыз өзгерістер мен реформалар жасау, бағдарламалар қабылдап ақша бөлдіру алға шықты. **Сонымен бірге алда жасалатын реформаларда не қамтылады, жасалып жатқан реформалардың нәтижесі қандай, қандай жетістікке жеттік, қандай олқылықтарымыз бар деген жан-жақты зерттеу сараптамасы жоқ.** Бізде білім мен ғылымға дүкенде жатқан тауар ретінде қарау пиғылы басым. ЖОО-ның, оның ішінде ұлттық мәртебесі бар университеттерде еңбек ететін 100-150 мың теңге айлық жалақы алатын ғалымдардан қандай сапалы білім мен ғылымды дамытуды талап етуге болады.

Екіншіден, жоғары білімі бар мамандарға деген сұраныс есепке алынбай кадрлар есепсіз дайындалуда. Мысалы, соңғы **17 жылдың ішінде 2 млн.-нан астам жастар ЖОО бітіріп шықты.** Бұл әр жыл сайын **130 мың адам жоғары білім алып шығады** деген сөз. Мәліметтерге сүйенсек бұлардың **30-% ғана өз мамандықтары бойынша жұмысқа тұрады** екен. «Ақшанды төле де, оқи бер» принципімен қабілет, біліміне қарамай жаппай білім беру етек алғалы, жастарымыздың дені қаржы шығындап, 4-5 жыл уақыттарын жұмсап алған дипломдары қажет болмай қалуда. **Яғни біз жыл сайын мемлекет пен ата-аналардың қаражаттары есебін қазіргі нарық қажет етпейтін он мыңдаған жоғары білімді мамандарды даярлап, жұмыссыздар санын қолдап көбейтіп отырмыз.** Бұл еліміздегі ЖОО-ы өздерінің өңірлеріне қажетті мамандарды назарға алмайтындығын көрсетеді. **Осы жерде сұрақ туындайды: бізге бәсекеге қабілетті жоғары білімді мамандар керек пе, әлде әйтеуір жоғары білімі бар екенін растайтын дипломы бар жастар керек пе? Министрлік осы мәселені енді нақты анықтап алуы тиіс.**

Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және әлеуметтік даму министрлігі, Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп отырып, келешекте әр түрлі сала бойынша жоғары білімді қанша маман керек екендігін

алдын ала болжап, сұранысқа орай мамандар даярлауды ретке келтіру керек деп есептеймін.

Үшіншіден, көптеген ЖОО-ның материалдық-техникалық базалары өте төмен, бұрынғы ескірген білім-ғылыми әдістемелік база жағдайында өмір сүріп отыр. Сондықтан да, еліміздегі коммерциялық ЖОО-ның көпшілігі сапалы білім бере алмай, тек қаржы жинау құралына айналып отырғаны шындық. Мысалы, білім деңгейі төмен, ешқандай дайындығы

жоқ талапкерлер ҰБТ-дан төмен балл алғанымен, олар ЖОО-ның шығармашылық мамандықтарына жаппай қабылданып, бір семестрден кейін өзге мамандықтарға ауысып кетіп жатады. Мұндай заң бұзушылықтар еліміздегі көптеген ЖОО-да жаппай сипат алып бара жатыр. Бұдан бұрында біз бірнеше рет бұл мәселені көтергенбіз. Өкінішке орай, министрлік тарапынан мұндай келеңсіздікті тоқтататын құқықтық нормативтік актілер осы кезге дейін қабылданған жоқ. Елбасымыз жуырда ғана ЖОО-ғы сын көтермейтін жағдайды шұғыл өзгертуді, әсіресе сапасыз білім беретін оқу орындарының санын қысқарту туралы берген тапсырмасына министрлік құлықсыздық танытып отырған сияқты. Салыстырмалы түрде қарасақ **1991 жылы** Қазақстанда небары **55 ЖОО-ы, оның ішінде бар болғаны екі университет жұмыс істеп, ел экономикасының барлық салаларын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етсе, қазір ЖОО-ның саны 131-ге жетіп, олардың 82-і университет мәртебесіне ие болып отыр.** **Классикалық формадағы университетке сай келмейтіндерді университет мәртебесінен айырып, профильдік бағыттағы институт не академия статусына түсіру тетіктерін жасау керек.** Біз ЖОО-ры саны бойынша әлемде алдыңғы орынға шыққанымызбен, өкінішке орай онда беріліп жатқан білімнің сапасы сын көтермейді. Дүниежүзі университеттерінің рейтингісін жариялау орталығының мәліметі бойынша еліміздегі бір-бір ЖОО-ы әлемнің ең үздік 1000 университетінің қатарына кірмегені осыған дәлел болса керек. Демек, мәселе оқу орындарының санында емес, ең алдымен оның деңгейі мен сапасы биік халықаралық талапқа сай болып, оның дипломы дүниежүзінде мойындалып бәсекеге қабілетті болуында. Әлемде жоғары білім – жалпы білім, ғылым және мәдениеттің тоғысқан жері. Жоғары білім кәсіби машықтану алаңы. Демек, білім сапасы өмір сапасының негізі деген ұстанымға министрлік көп жұмыс жасауы керек.

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ МАМАНДАРЫ ҚАЙ БАҒЫТТА ДАЯРЛАНАДЫ?

ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев журналистиканы оқыту жөнінде тосын ой айтқаны мәлім. Сала басшысының: «Мен журналистиканы төрт жыл оқудың қажеті жоқ дейтіндермен келісетін шығармын. Меніңше, ең бірінші кезекте өзің жазатын саланың маманы болуға тиіссің. Егер сен медицина туралы жазатын болсаң, онда дәрігер болғаның, экономиканы жазсаң экономист, банкир одан кейін журналист болғаның жақсы. Журналистке экономика туралы жазуды, ақпаратты қалай дұрыс беру керектігін үйрету экономикаға қарағанда әлдеқайда қиын», – деген сөзі қоғамда едәуір қозғалыс туғызғаны аян. Әсіресе, жұртшылық министрдің болашақ журналист мамандарды екі жарым жыл ішінде даярлау туралы пікірін тіксіңікпей қабылдағаны да негізсіз емес.

Осыдан кейін іле-шала Астанада Ақпарат және коммуникация, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігінің аталған тақырыпта ведомстваралық мәжілісі өткізілген еді.

Аталған жиындар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Журналистика факультеті мамандарын бей-жай қалдырмағаны түсінікті. Мұндағы «Заманғалайық маман даярлау мәселелері» тақырыбындағы республикалық оқу-тәжірибелік шараны сонау Астанада өткен әңгіменің қисынды жалғасы деуге әбден болады. Оған оқу орнының бірқатар профессор-оқытушылар құрамы мен бұқаралық ақпарат құралдарының жетекші мамандары қатысты.

Кезекті жиынды ашқан факультет деканы Сағатбек Медеубек сөз кезегін Елордадағы дүбірлі мәжіліске оқу орнынан делегат ретінде арнайы қатысы қайтқан кафедра меңгерушісі, профессор Гүлмира Сұлтанбаеваға берді.

Гүлмира Серікбайқызы биік деңгейдегі ведомстваралық мәжіліске министрлер Ерлан Сағадиев пен Дәурен Абаевтан бастап осы салалардағы өзге де білікті қызметкерлердің қатысқаны және олардың елдегі жиынға тоғыз оқу орнында болашақ журналистерді даярлауға байланысты түрлі пікірлерін талқыға ұсынғанын жан-жақты баяндады. Профессордың айтуынша, ол жиында жекелеген адамдар «Журналистика кадрларын даярлау жалпы қажет пе?» дегендей, көкейге мүлде қонбайтын жәйттерді де қозғап

қалғанын жасырмады. Дегенмен, кеңейтілген отырыстың шәкірттерді әзірлеу ісіне қысым көрсету тұрғысында емес, қайта бұқаралық ақпарат құралдарының болашақ мамандарын дайындауды дамыту ауанында өрбігені айтылды.

– Осыған орай мәжіліс соңында бәрімізге «Журналистиканы дамытуға негізделген басты тәуір проблеманы атаңыз» деген сауалнама таратылды, – деді шешен. – Біз бұл тұрғыда, біріншіден, студенттердің дүниетанымы; екіншіден, шәкірттерді оқытуды ұдайы практикамен ұтқыр ұштастыруды; үшіншіден, оқытушылардың біліктілігін арттыруды; төртіншіден, білім беру бағдарламалары сапасын жақсартып, оның мазмұнын нарық талабына сай тереңдетуді атадық.

Дөңгелек үстелге жиналған қауымның көкейіндегі түйткіл көбінесе Білім және ғылым министрінің шәкірттерді оқыту бағдарламасын екі жарым жылға сыйғызу туралы байламы еді.

– Мұны, байқауымша, көпшілік дұрыс ұқпай қалған секілді, – деді Гүлмира Серікбайқызы, – әйтпесе Ерлан Кенжеғалиұлы: «Осы мәселеге байланысты заң жобасы қарағып жатыр. Ол бойынша алдағы уақытта төрт жыл оқу міндетті болмайды. Студент жинаған кредит балына қарай екі жарым немесе сегіз жыл оқиды» деген болатын. Демек, болашақ журналистердің оқу мерзімі келешекте, керісінше, ұзара түсуі мүмкін. Ал оны оқу орындары нақты жағдайларға қарай өздері белгілейді. Ол кісі негізгі акцентті салалық жур-

налистиканы дамытуға салып отырғанын түсінгеніміз жөн...

Дөңгелек үстелде көңігі маман, журналистика теоретигі, филология ғылымының докторы, Кәкен Хамзин:

– Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдары мамандарын қалай және қандай мерзім аралығында даярлау туралы байламды журналистика тарихынан, мамандықтың қырсырынан мейлінше хабардар адамдар жасауға тиісті, – деді. – Күні бүгінге дейін Англияда да, Америкада да, Қытайда да журналистиканы ежелден қалыптасқан классикалық жүйе арқылы оқытады. Бізде де солай болуы керек. Ал жоғары жақтан істі егжей-тегжейлі білмей, «мынандай тәртіппен оқытындар» дей салу қисынға келіңкіремейді. Яғни, бұл – журналистика табиғатын, оның мән-мағынасын, қоғамдағы орнын түсінетін адамдармен өзара ақылдасып атқарылатын шаруа. Журналистика – ерекше мамандық. Бұл мол білімді, айрықша дарын-қабілетті қажет етеді. Журналистика қоғамдық пікірді туғызады, ұлттың санасын қалыптастырады. Мәселен, айталық, мемлекет басшысының рухани жаңғыру жайындағы бағдарламасын насихаттайтын кімдер? Әлбетте, журналистер. Міне, алдымен осы жағдайды терең ұғынуымыз қажет...

Аталған алқасөзде сондай-ақ факультет деканының ғылым және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, доцент Қарлыға Нақысбекқызы, кафедра меңгерушісі, профессор Назгүл Шыңғысова, кафедра меңгерушісі, доцент Жетпісбай Бекболатұлы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Орынтай Ошанова, белгілі журналистер – Ахмет Аяз, Берік Бейсенұлы, Есей Жәнісұлы, Дәуіржан Төлебаев, Жадыра Нармаханова, т.б. бұқаралық ақпарат құралдары кадрларын даярлау жөніндегі көкейкесті ойларын ортаға салды.



ШАШУ

Ит көрген ешкі көзденіп
Жүргенде іште ірінді.
Ғаламат заман кез келіп,
Қазағың өліп-тірілді!
Үш ғасыр болып кісенде,
Сан кешіп бастан мазакты,
Қырық тоғыз деген мүшелде
Көрдiнiз осы Ғажапты!
Алашың — азат, не керек,
Алаң ой болса да басыңда.
Жердiң Жетi кереметi дейтiн керемет —
Түк емес мұның қасында!
Алдыннан сан жұрт бал ашты,
Бұзылмасын оған түс-өңiн.
Көрсен екен алып Алашты
Алпыс бiр дейтiн мүшелiң!
Жетпiс үш дейтiн мүшелiң
Жер-көктiң қосып арасын,
Жер-жаһан бiлмей түс-өңiн
Алашка аң-тан қарасын!
Лүпiлдеп жүрегiң шерменде,
Қырандай тұғырыңа қонарсын.
Сексен бес мүшел келгенде
Он сегiзге келгендей боларсын.
Сөнген де ұмытылып, солған да,
Осы бiр бекзат дер шағын.
Тоқсан жетi мүшелiне толғанда
Қонаққа шақыр Жер шарын!

Ақселеуі

тән асқақ, ұлы сезімнің не екенін сезінбей, түсінбей дүниеден қайтатын қасіретті қоғамдық жануардан өткен қасиетсіз бар ма екен бұл жарық дүниеде?! Ақанның Ршыманы соның бәрінен де асқақ тұр! Ол бәз біреулердей байлықты көздеп, мансапты қуып, «нан жеу үшін өмір сүрмейді, өмір сүру үшін нан жейді» (Сенека) ғой.

Дүниежүзілік әдебиетте махаббаттың машақатын кемеліне келтіре суреттеген шедевр дүние аз емес, әрине. Дегенмен, пайғамбар жасынан асқан қазақтың ғажайып інкәр сезімі хақындағы осы бір әрі қысқа, әрі нұсқа дүниені біздің өз ана тілімізде қазақша оқитынымыз қандай ғажап, шіркін?! Ршыманы бар қазақтың ырысы да басқадан кем бола қоймас, елдің бәрі жаппай еліріп, ішіп-жемін ғана күйттеп, халықтан тобырға айналып бара жатқанда біздің ақ сақалды атамның өзі қасиетті Махаббат құсымен бірге аспанға қалықтап бара жатыр ғой... Мұндай елдің үрім-бұтағының қайдағы бір құрт-құмырсқалармен қоса қара жерде қалып қойуы мүмкін емес деп ойлайсың. Иншалла, түбі солай болсын! Еттең, қазақшасы менен өткен Ақанның «Күзеудені» орысшалап «повесть» деп жібергені қалай екен осы? «Дастан» демесе де, «хикая» дей салмай ма екен дейсің...

АҚСЕЛЕУ — АҚЫН!

Иісі қазақтың да, ғаламның да түсінігінде жазушы дегеніміздің өзі алдымен — ақын! Ақанның түнде түсінен, күндіз ойынан шықпайтын қазақ фольклорынан бастап, жер-жаһанның ауыз әдебиетінің небір жауһар дүниелері ақындық шабыттың туындылары емес пе еді?! XX ғасыр оқырмандарының көзін арбап, көңілін дауалаған Габриель Гарсия Маркестің «Жүз жылғы жалғыздық» романы да қара сөзбен жазылған дастан-ды.

Біреу өленді өлеңмен жазады. Бірақ оның көбісі — таппак!

Біреу өленді қара сөзбен жазады. Нағыз поэзия сол болуы мүмкін... Ақын болып тұмаған прозашылардың құлағына алтын сырға, олардың жазғандарының мүлдем оқылмайтындығы, повестерінің — у, романдарының — су татитыны, міне, содан! Ақанның алпысыншы-жетпісінші жылдары «Лениншіл жастың» бетінен түспеген Алаша хан, Жошы мазарлары,

Домбауыл кешені, көшпелілер мәдениеті, үңгіртаным, күй-шежіре, халықнама хақындағы ой-толғамдарының өзі поэтикалық туындылар болатын-ды. Күні бүгінге дейін көркем шығарманы газет тілімен жазатын жазушылар мен көзінің алдынан басқаны көруден қалған, ой-пікірі қатып-семген журналист ағайындар сол газеттің алпысыншы-жетпісінші жылдардағы тігіндісіне көз сүзсе, елге қарау өз алдына, жерге қарауға шама-шарқы келер ме екен? Сол жазғыштарды, шіркін, Алланың алдына апара алмасак та, алқымынан ұстап, Ақанның алдына алып барар ма еді?!

Ақанды мен алпысыншы жылдардың аяғы, жетпісінші жылдардың басында алғаш осы Қарағандыда көрдім. Ақанды көргенде, өзім қазақ бола тұрып, ғұмырымда тұңғыш рет нағыз қазақты көргендей күй кешкендей едім. Үйіндегі төселген сырмағынан бастап, ілулі қасқыр ішігі, жинаған ер-тоқым, жүгені, тіпті атқан насыбайына дейін — қазақша. Ақаңмен кездескен сайын өзімнің шала қазақ екенімді іштей сезініп тұрам...

— Орысшалау ойлайды екенсің, бала, — деді ол.

Сонда өз осалдығымды өзіммен бірге аңғарған мынау Исаға ұқсас сары кісі пайғамбар шығар деп ойлағам.

Иә, 70 жыл бойы желкемізден түспеген қызыл империя орысшаға шорпақ елдің өзін орысша ойландырып, орысша жаздырып, орысша сөйлетіп жіберіпті. Қазақ әдебиетіндегі қаламдастарымыздың көпшілігі әлі сол рухани отаршылдықтың қамытын киіп, арбасын сүйреп жүр! Олардың жазғандарының егіздің сыңарындай бір-біріне өте ұқсастығы осы ұлттық ойлау жүйесінің жоқтығынан. «Қазаққа он жазушы көп емес, жүз жазушы аз емес», — деп ұлы Ғабен айтқандай, бір-бірінен инкубатордың балапанындай аумай қалған сол жазғыштар қаншама көп болса да, Алашта Ақселеу — біреу-ақ.

«XX ғасырдың жиырма сәтінің» қолжазбасын алдына алып барғанымда оның қалай қуанғаны әлі көз алдымда. Егер Ақаң болмаса, бұл дүниенің кітап болып шығуы, менің ақын болып қалуым неғайбыл еді!

Менің Ақаң арнап жазған өлеңдерім көп. Бірақ бүгін соның біреуін тілге тиек етіп, ауаулы ағаға жырдан шашу шашайын.

Ауырлап сәл-пәл аяғың,
Көзін арбап хас сан ханымның,
Сәкеннің ұстап таяғың,
Төріне шық дастарханының!
Алаштың мөлдіреп аспаны,
Арнаннан, Аға, тасып-тол!
Жамбылдың жасынан ас-тағы
Жап-жас аруға ғашық бол!
Қуанып, нұрың мол кезде,
Еркене кара есінеп...
Женгеміз түгіл, сол кезде
Жер-жаһан Сізді кешіред!

МЕНИҢ АҚСЕЛЕУІМ

Өлеңнің отымен лапылдап, өртеніп кеткелі жүрген кезіміз. «XX ғасырдың жиырма сәті» қағазға түскенде ет қызумен алғаш рет Ақаңа (ол кезде республикалық басты газет «Социалистік Қазақстанның» Әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі) көрсетіп едім: «Серік-ау, біз поэма түгілі, өлеңнің өзін қатал тезден өткізіп, әрең жариялаймыз ғой... Тастап кет» деген. Бұл — 1977 жыл. Бұл поэманы мен Қарқаралының Жиренсақал тауының етегінде жатып жазып едім. Ақаң: «Біз поэма баса алмаймыз ғой? Бізде «бес өлең» деген рубрика бар, соған ыңғайлап көрейін» деді. Тастап кеттім. Бір аптадан кейін қайта айналып келсем, Ақаң мені бас салып құшақтай алды. Ол кезде қызара бөргіп жүретін кезім.

— Айналайын, Серік, — деді Ақаң, — Мен сенен бірдене сұрасам, соны маған қиясың ба?

— Ол не? — деппін сасқанымнан.

— Арағыңды берші маған?!.

Мені бір «алқаш» деп естіген ғой! Біреулер оңдырмай сыртымнан жамандап қойған...

— Өзімде бары осы ғана? Оны сізге берсем, маған не қалады?! — дедім.

Ақаң сол жолы тебірене сөйлеп, жырдың көңілінен шыққанын айтты. Поэма сол жатқаннан «Социалистік Қазақстанның» қоржынында бақандай бес жылдай жатты. Күдерімді үзе бастағам. Совет Одағының кезінде Қарқаралыға «Правда» мен «Социалистік Қазақстан» шыққан күні келуші еді. Әлі есімде, күн сенбі болатын. «Социалистік Қазақстанның» төртінші бетін ашып қалсам, «Құрлықтар» деген атпен бір бетті алып менің поэмам тұр!

Сол поэма советтік цензура мен редактордың сүзгісінен өзгеріп, 1984 жылы

«Жалын» баспасынан жұлым-жұлым боп жарық көрді... Содан бұл туынды 1983-ші жылы «СК»-ның төртінші бетін түгел алып, «Құрлықтар» деген тақырыппен жалғанның жарығына шықты. Аталмыш қолжазба сол бес жылдың ішінде қандай өткелектен өтті, оған аузы дуалы қай көкеміз қандай лебіз айтты немесе нендей қатал үкім шығарды — мұны бір Ақаң білмесе, басқа ешкім білмейді...

Оның жарыққа шығуының өзі бір жыр; одан біреулер антисоветтік сарын іздегенді...

— Мұны жарыққа шығаруға болмайды — деген сол кездегі көзі тірі классігіміздің жазбасын да өз көзіммен көргем; Ақаң оны «сен жоғалтып аласың» деп, маған бермеді! Ол хат Ақаңның архивінде жатуы да мүмкін.

Басы дауда қалған қолжазба Қазақстан Жазушылар одағының поэзия секциясында қызу пікір туғызып, сол кездегі цензура мен редакторлардың сүзгісінен әрең өтіп, 1984-ші жылы «Жалын» баспасынан өзгеріс дегенде жарық көріп еді. Әдеби орта, жыр сүйер қауым қуана қабылдап, Ғафу Қайырбеков бастаған, Кеңшілік Мырзабеков, Жұматай Жакыпбаев, Ұлықбек Есдәулет қолдаған жылы лебіздер айтылды.

Содан бері аттай 35 жыл өтіпті. Қоғамдық-экономикалық-саяси формациялар ауысты. Бодан жұрт азат елге айналды. Алланың қалап, әруақтың жебеуімен менің мандайыма XX-шы ғасырға XXI-ші ғасырдың көзімен қараудың қаракеті жазылған екен. Тәңіріге тәуба деп жүрмін. Ақаң көзі тірісінде поэмаң қиын кезенге тап келді ғой. Қайта жаз! Елің — азат. Цензура жоқ деп еді. Сол жырдың өзімше кемеліне келді-ау деген соны Һәм соңғы нұсқасын «Жұлдыз» журналына жариялап едім. Сол Ақаңның көзіне түспеді. Отыз жыл бойы осы жырдың азабын мен қалай тартсам, Ақселеу ағам да менен кем тартқан жоқ-ау деп ойлаймын.

Ақаң — Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Әлімхан Ермековтердің бізге қалған сарқытындай бір тұлға еді. Жәнет Алаштың сорпа бетіне шығарын қолымен қалқып алғанда, Алла солардың көзінде ғып Ақаңдарды қалдырып еді. Орынында бардың оналып жатқаны-содан.

Соңында көшпелілер цивилизациясының үш тағанындай «Қазақ әлемі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» сынды үш сом дүниесі қалды. Ақаңдары бар Алаш өткен-кеткенін жадынан шығара алмайды. Өткенін ұмытпаған ұлттың келешегі де кемел болады.

АХАҢ КЕТТІ...

Ахаң кетті-ау, көрсетпей қарасын да,
Қалған қара қазақтың бәрі — осында.
Алла ғана тұр қазір, біздер жоқпыз —
Ақселеу мен Алаштың арасында.

Көзге Алаштан басқаны қара көрмей,
Қаракөгім — қайтсе де қалар өлмей;
Құлағына ғаламның бір жетерсің,
Қазақтағы ғажайып қара өлеңдей!

Қайран, Ахаң,
Хош, арда Алашұлы,
Әлиханның ақтық бір жан ашуы!
Жидебай мен Қараойдың
шырақшысы ең,
Алла менен Абайдың жарасымы!

Қазақ болу қашан да ғажап қой деп,
Ауа жұту Алашсыз азаптай боп, —
Паң кейіпте жүруші ең,
Дүниеде
Пайда болған Алғашқы Қазақтай боп!

Сарыарқаға аспанның дүбір еніп,
Саф алтындай орның үңірейіп, —
Енді, міне, Ең Соңғы Қазақтайын,
Қайда көшіп барасың күңіреніп!!

Кімдер сенің төбеңнен өкім етті,
Кімдер сенің сыртыңнан көкіп өтті?
Адамзатқа жіберген Алашымның,
Елшісі боп Сен қалдың —
Өкілетті!

Қазағынның тартып бар күйігін де,
Көңілінің болмады-ау, күйі, мүлде.
Фәниде де биікте жүріп едің,
Бақида да қалдың сол биігінде!

Погода, сезоны года претерпевают значительные изменения, наблюдаются заметные перепады температуры, во многих странах появляются огромные провалы, большие разломы в земной коре, идут небывалые наводнения, появляются или исчезают водоёмы, на небе, в космосе фиксируются необычные явления и т.д.

шение и даже отсутствие многих видов насекомых, а также птиц.

Через сито очищения пройдут страны и люди. Со временем установится тёплый климат в течение всего года, и в нашей стране урожаи будут круглый год. В последние годы появились природные условия, благоприятные для роста овощей и фруктов, их не поедают, как раньше, черви. Исчезнут

Даже природа самих осадков изменилась — дожди становятся как бы тропическими. Эти дожди — явный признак будущего тропического климата без зимы, морозов, снега, признак начала изменения климата в сторону вечной весны.

В целом многие нынешние небывалые явления на Земле можно воспринимать как знаки природы наступления новой

знать их причины и принимать адекватные решения, действия, если, конечно, власть имущие примут их к сведению и этого захотят.

Например, на сайте указаны опасные для жизни человека города и районы нашей республики, подверженные наводнениям, откуда необходимо переселять людей. Или сведения о том, что в Алматы никогда не

изменении конфигурации континентов, наступлении тропического климата и т.д.

Наличие такой информации и объяснения многих загадочных явлений — отход океанической воды, исчезновение или появление водоёмов, обильные дожди зимой и другие явления — ложатся как очередные пазлы на будущую картину Земли. И в общих очертаниях этот будущий мир виден — идёт восстановление, возрождение первоначального мира, изначальной Земли.

Например, в статье «Невидимая стратегия Природы» (11.07.2014) говорилось о «стирании» с карты некоторых африканских стран. В материале «Об Институте Галии Кажгалиевны Керей» (15.03.2003) раскрываются причины глобальных изменений: «В целом по Земле идёт возрождение изначального климата и конфигурации континентов, фауны и флоры. Вследствие этого происходят невиданные природные процессы, катаклизмы, которые вызовут и социальные изменения».

В марте 2018 г. в СМИ появилась новость: «После сильных дождей 19 марта в Восточно-Африканской рифтовой долине образовался огромный разлом, который свидетельствует о грядущих континентальных трансформациях. Трещина протянулась на 3000 км в кенийском округе Нарок. Её глубина и ширина составляют более 15–20 м».

После этого в соседней Уганде тоже появились трещины. После сильных дождей в округах Бупото и Намисиндва в районе Намисиндва образовались несколько крупных трещин, были разрушены около 300 домов. Разломы в земле проходят прямо под домами людей. Смыты сады и мосты.

